



№77 (10067)  
28 қыркүйек,  
сенбі  
2024 жыл

# Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»  
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

## Үкімет



### Су тасқынынан сабақ алдық па?

Көктемгі су тасқынында еліміздің бірқатар аймағында қарапайым халық тілсіз жаумен күресіп, біраз шығынға батқан болатын. Төрт түлігін тасқыннан аман алып қала алмай, амалсыз ауылын тастап, қауіпсіз аймаққа бас сауғалаған жұрттың қазіргі жай-күйі қалай? Зардап шеккендерге қандай көмек берілді? Тарқатайық...

2 →

## Құрмет



### Еңбек еленген күн

Еңбек күні қарсаңында ұйымдастырылған «Адал азамат – Адал еңбек» атты салтанатты іс-шарада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ұзақ жылдар бойы адал жұмыс істеген мамандарға құрмет көрсетті. Мерекелік жиынға Парламент депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, Қазақстанның Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев және еңбек адамдары қатысты. Аймақ басшысы жерлестерін айтулы мерекемен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

— Бұл мереке – адал еңбегімен, маңдай терімен ел дамуына өлшеусіз үлес қосқан сіздерге деген құрметтің көрінісі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Ұлттық құрылтайда, халыққа арнаған Жолдауларында кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы, еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуы тиіс екендігін ердайым айтып келеді. Былғы Жолдауында 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Алдағы уақытта техникалық және кәсіптік білім берудің маңызы арта түсері сөзсіз. Өйткені экономиканы өркенде-

туге білікті мамандар қажет. Аймақтың еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтардың ұзақмерзімді болжамын анықтау үшін мамандықтар атласы әзірленуде. Менің тапсырмам бойынша Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті осы мақсатта 20 қызметкерді арнайы оқудан өткізді. Ел Президентінің жұмысшы және орта буын мамандықтар бойынша білім алуға ниетті жастарды 100 пайыз тегін кәсіптік біліммен қамту тапсырмасына орай келесі жылы бюджет есебінен 5 308 орынға мемлекеттік тапсырыс берілуде. Осылайша біз жұмысшы маман-

дықтарын дәрiптeу арқылы қоғамда білікті мамандарды қалыптастыра аламыз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы. Іс-шарада Қызылорда облысының құрметті азаматы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Қорғанбек Қайруллаев, Мәжіліс депутаты Мұрат Әбенов облыс тұрғындарын мерекемен құттықтады. Сондай-ақ Қазақстанның Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев жерлестерін қажырлы еңбек етуге, үздіксіз дамуға шақырды. Ел-шара соңында еселі еңбек етіп, ел алғысына бөленген азаматтарға облыс әкімінің алғыс хаты мен ақшалай

сыйлықтар табысталды. Біліктілігімен өз ісіне жауапкершілігімен сый-құрметке бөленген 10 азаматқа 400 мың теңгелік сертификат, тағы 10 азаматқа шипажайға жолдама берілді.

Марапатталғандардың атынан «Қызылорда тазалығы» ЖШС жұмысшысы Жанар Тайшаева мен «Көлжан» ЖШС «Солтүстік-Батыс Қызылқия» кен орнын пайдалану шебері Жанболат Жармұхамбетов пікір білдірді. Жанар Шарпапталқызының еңбек өтілі – 40 жыл, оның 10 жылында «Қызылорда тазалығы» ЖШС-да жұмыс жасап келеді. Қызылорда қаласы әкімдігінің, кәсіпорны басшылығының алғыс хаттарымен марапатталған. Ал Жанболат Жармұхамбетов «Көлжан» ЖШС-да 2010 жылдан бері қызмет атқарады. Олар бүгінгі сый-құрметке адал еңбектің арқасында жеткенін айтып, облыс басшылығына көрсеткен қолдауы үшін ризашылығын жеткізді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

## Байқау



### Нәбидің ән әлемі

Осыдан 15 жыл бұрын ән әлемінде қалықтап, өзінің ерекше дауысымен елдің ыстық ықыласына бөленген жарық жұлдыз ағып түсті. Аз ғана ғұмырында Қазақстанның өнер әлемінде қолтаңбасын қалдырған Нәби Аймұратов Мақпалкөл ауылының мақтанышы болатын. «Әнші балапаннан» бастау алып, түрлі республикалық, халықаралық ән байқауларда топ жарған талантты туған жері еске алып, есімін ұлықтады.

Иә, Нәби Аймұратовтың сырға толы әсем өндерін өнер сүйер қауым әлі ұмытқан жоқ. «Гүлімсің» әнін тыңдасақ, Нәби көз алдымызға келеді. Кеше өнер иесінің туған жерінде Нәби Аймұратовты еске алуға арналған «Гүлімсің» атты облыстық әншілер байқауы өтті. Шараның ашылу салтанатында Мақпалкөл ауылдық округі әкімдігінің бас маманы Жаңабай Әшірбеков ауыл мақтанышының есімін қайта жаңғыртуға негізделген байқаудың маңыздылығына тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

ЖАЛҒАСЫ 4-БЕТТЕ.

## Еңбек адамы

### Дәнекерлеуші Әсемхан

Шыны керек, бүгінде жастар арасында галстук тағып, жұмсақ креслода отырып, жұмыс істегенді құл көретіндер жетерлік. Табысы мардымсыз болса да ағайынның алдында жасанды абыройға бой ұсынып, өзіне ұнамайтын іспен айналысатындар да жоқ емес. Иә, қоғамда заңгер, қаржыгер, кейін өртіс, блогерлік жастар арасында үлкен беделге ие болып, оқушылар үшін өмірлік арманға айналды. Алайда басқа дамыған елдердің экономикасына көз жүгіртсек, мәселен, Қытай, Жапония, Түркия, Оңтүстік Корея секілді мемлекеттерде жұмысшы, техникалық мамандықтар сұранысқа ие. Инженер, әулетші, құрылысшы, механик, дәнекерлеуші мамандықтарының қоғамдағы мәртебесі мен айлығы дәрігерлермен деңгейлес. Ал бізде қалай? Осы сауалдың түйінін тарқату үшін құрылысшы қарқын алған «Руханият» орталығындағы қарапайым құрылысшылармен әңгімелестік...

Қазіргі таңда дәнекерлеуші мамандарға құрылыс саласында сұраныс көп және олар кез келген өндіріс үшін ауадай қажет. Бұған ос мамандықты игерген аудан тұрғыны Әсемхан Мырзаханұлының күнделікті жұмыс барысымен танысқанда куә болдық.

Кейіпкеріміз қазіргі таңда кент орталығында құрылыс жүріп жатқан «Руханият» орталығында жұмыс істеп жатыр. Нақтырақ айтсақ, ол ғимараттың жылу, су, желдеткіш жүйелерін дәнекерлеуде. Мұнан бөлек жеке тұрғындардан да сұраныс жиі түсетін көрінеді. Яғни негізгі жұмыстан бос уақытта темір қақпа, көлік тіркемесі, шатыр және т.б. темір бұйымдарын құрастырады.

— Мектеп бітірген соң Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжіне «Дәнекерлеуші» мамандығы бойынша оқуға түстім. Ол жақта 3 жыл білім алып, оқуды аяқтаған соң мамандығым бойынша жұмысқа орналастым. Шын мәнінде, жұмыс істеп көрмей, үш жылда адам еш нәрсеге үйренбейтінін ұқтым. Оқуды бітіріп, жұмысқа барғанымда ондағылардың «тәжірибесі жоқ, жұмысты үйрене алады ма?» деген сауал жүздерінде тұрды. Бірде қасыма тәжірибелі дәнекерлеуші келіп: — «Дәнекерлеу оңай іс емес, бұл мамандықты неге таңдадыңыз?» — деп сұрады. «Отбасым қандай жұмыс жасайсың?» деп сұрамайды. Жауапкершілікті сезінемін. Сол себепті үйренуге міндеттімін» дедім мен. Басшымыз Мейірбек Әмірұлы – бұл



мамандықтың «майын ішкен» кәсіпқой дәнекерлеуші. Ол дәнекерлеу барысында мынандай қарапайым әдістерді түсініп, оларды бұлжытпай орындасан, бұл кәсіпті көп ұзамай игеріп кететінімді айтып, бұл салада көзімді ашты, – дейді еңбек адамы.

Әсемхан – бүгінде әріптестері арасында құрметке бөленген жан. Әріптестері оның өте білікті, тәжірибелі жұмысшы екенін мойындайды. Кейбірі оның көмегін аямайтын қолы ашық азамат екенін де жасырмады. Тіпті өзінен кейінгі жастарға кеңес беріп отырады екен.

— Қарапайым жұмысшы екеніме мақтанамын. Себебі бұл мамандық елге керек. Шыны керек, мен басқа салада

жұмыс жасауды елестете алмаймын. Себебі әбден үйреніп қалдым. Оны ешқандай жерге айырбастағым да келмейді. Шүкір, табысым да жеткілікті. Ұжымым жақсы. Әріптестеріммен туыстай болып кеткенбіз. Бір-бірімізге қонаққа да барып тұрамыз, – дейді ол.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, еңбек адамы қоғамда қашанда абыройлы, мәртебесі биік болу керек. Мұндай адамдар елге сыйлы азаматтарға айналуы қажет. Өйткені елдің өлеуетін көтеретін осы қарапайым жұмысшы азаматтар екені даусыз. Ал Әсемхан Мырзаханұлы – соның жарқын бейнесі.

Жандос ЖАЗКЕН





